

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**«ЗАМАНАУИ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ»**  
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**  
27 мамыр 2022 ж.

**СБОРНИК ТРУДОВ**  
международной научно-практической конференции  
**«УСТОЙЧИВОСТЬ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ В УСЛОВИЯХ  
ГЛОБАЛЬНЫХ ВЫЗОВОВ СОВРЕМЕННОСТИ»**  
27 мая 2022 г.

**PROCEEDINGS**  
International scientific and practical conference  
**«SUSTAINABILITY OF ECONOMIC SYSTEMS UNDER CONDITIONS OF  
MODERN GLOBAL CHALLENGES»**  
27 May 2022

Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Нур-Султан, Казахстан  
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 330  
ББК 32  
3-21

**Редакционная коллегия:**

Заведующая кафедрой «Туризм» к.э.н., профессор Муталиева Л.М.  
Ответственная за НИР кафедры «Туризм» к.э.н., ассоциированный профессор Мусина К.П.  
К.э.н., доцент кафедры «Туризм» Акишева А.С.

**3-21**      **Заманауи жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы экономикалық жүйелердің тұрақтылығы:** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022.

**Устойчивость экономических систем в условиях глобальных вызовов современности:** Сб. трудов межд. научно-практической конф. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022.

Proceedings of the international scientific and practical conference «**Sustainability of economic systems under conditions of modern global challenges**» Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2022.

**ISBN 978-601-337-680-6**

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбек жинағында Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі жаһандық сын-қатерлер жағдайында экономикалық жүйелердің орнықтылығын қамтамасыз етудің өзекті аспектілері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены актуальные аспекты обеспечения устойчивости экономических систем в условиях глобальных вызовов в Республике Казахстан и за рубежом.

The proceedings of the international scientific and practical conference consider topical aspects of ensuring the sustainability of economic systems in the face of global challenges in the Republic of Kazakhstan and abroad.

**УДК 330  
ББК 32  
3-21**

**ISBN 978-601-337-680-6**    © Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022  
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022  
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Конференция Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Ресей халықтар достығы университетінің Қонақ үй және туризм Институты, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті, Ташкент Мемлекеттік Экономикалық университеті, М. Рысқұлбеков атындағы Қырғыз экономикалық университеті және Бұқара Мемлекеттік Университеттерімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Конференция организована Евразийским национальным университетом им. Л.Н. Гумилева совместно с Институтом гостиничного бизнеса и туризма РУДН, Батумским государственным университетом имени Шота Руставели, Ташкентским Государственным Экономическим университетом, Кыргызским экономическим университетом им. М. Рысқұлбекова, Бухарским Государственным Университетом.

The conference was organized by L.N. Gumilyov Eurasian National University together with the Institute of Hotel Business and Tourism of the Peoples' Friendship University of Russia, Batumi Shota Rustaveli State University, Tashkent State Economic University, Kyrgyz Economic University named after Musa Ryskulbekov, Bukhara State University.

*Материалы публикуются в авторской редакции. Редакционная коллегия не несет ответственность за достоверность информации, приводимой авторами.*

2) Құрылыс кезінде туристік бизнес өкілдерін дестинацияның экологиялық параметрлерін ескеруге міндеттеу.

3) Әртүрлі макроэкономикалық параметрлер арасындағы әсерді зерттейтін ғылымаралық салалар саласындағы мамандардың саны мен сапасын арттыру.

4) Дүниежүзілік туристік ұйымның туризмінің бәсекеге қабілеттілігі индикаторы негізінде туристік жағдайдың өңірлік тізілімін ұйымдастыру.

5) Болашақ қатерлерді азайту және бюджеттік салымдарды жоспарлы бөлу кезінде даму әлеуетін арттыру үшін барлық салаларға бір деңгейде мониторинг жүргізу.

Қорытындылай келе, туризм тек қорғауды ғана емес, сонымен бірге туристік өнімнің одан әрі сапасын қамтамасыз ету үшін қоршаған экожүйелерді күшейтуді қажет етеді. Жаһандық проблемалар адамзаттан өркениетті құтқару үшін рухани бірлікті талап етеді[5]. Олар қоғамның тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінде және оның құндылық бағдарларында сапалы өзгерістер қажет болды. Олар қоғамның тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерінде және оның құндылық бағдарларында сапалы өзгерістердің қажеттілігіне әкелді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Залесский Б. Л. Точки роста. Особенности устойчивого развития в условиях глобальных вызовов/Б. Залесский. – 2020.

2. Шимова О.С. Устойчивый туризм : учеб.-метод. Пособие // Минск : РИПО, 2014. – 158 с.

3. Как развиваются туристические центры Карагандинской области. Электронды қор: Кіру тәртібі: [[https://www.inform.kz/ru/kak-razvivayutsya-turisticheskie-centry-karagandinskoy-oblasti\\_a3561124](https://www.inform.kz/ru/kak-razvivayutsya-turisticheskie-centry-karagandinskoy-oblasti_a3561124)].

4. Қарағанды облысы әкімшілігінің сайты // Карагандинская область в новой реальности. Туризм. Электронды қор: Кіру тәртібі: [[http://ekaraganda.kz/?mod=news\\_read&id=104075](http://ekaraganda.kz/?mod=news_read&id=104075)].

5. Алексеева Г. Е. Развитие устойчивого туризма и глобальные проблемы //Kant. – 2017. – №. 1 (22). – С. 100-102.

### **МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ**

**Құрақ Д.Т.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,


Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail:dina\_9795@bk.ru

Қазақстан Республикасында азаматтардың әлеуметтік осал тобына жататын мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтік қорғау 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді қорғау туралы Заңымен


реттеледі. Оларды қолдау үшін қазіргі таңда түрлі қызметтерді оларға жеткізуде оңтайландыру жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми дерегіне сәйкес 2022 жылғы 1 қаңтарға дейінгі есеп бойынша Қазақстанда 701,63 мың мүгедектігі бар азамат тұрады. Оның 424,5 мыңы (60,5%) еңбекке қабілетті, 25,7%-ы зейнет жасында, 13,8%-ы 18 жасқа дейінгі балалар болып саналады[1].



Сурет-1. Мүгедектігі бар азаматтардың санаттар бойынша саны [1]

Жоғарыдағы еңбекке қабілетті мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа тарту және қолдау бойынша Қазақстанда түрлі шаралар қарастырылған. Соның бірі мүгедектігі бар азаматтардың мемлекеттен түрлі жеңілдіктер алуы үшін олардың біріккен қоғамдастықтары құрылған. Мәселен Қазақстан Республикасы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі аталған азаматтарды жұмыспен қамту мен басқа жеңілдіктер алуға көмектеседі. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Сатып алу туралы Заңында әлеуметті жеткізушілердің айрықша тобына арналған ережелер мен жағдайлар қарастырылған. Оған сәйкес мемлекеттік сатып алу порталы арқылы сатып алуға қатысатындар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен арнайы тізбесіндегі тауар, қызмет, жұмыс түрлерін мүгедектердің бірлестігінен сатып алуға тиіс. Яғни ұйымдардың жылдық жоспардағы тауардың 50%-дан кем емес бөлігін мүгедектер бірлестіктерінен сатып алады.



Сурет-2. Мүгедек адамдарды қорғау ақпараттық порталының ресми дерегіне сәйкес 01.04.2022 жылғы мүгедектер саны[2]

Ал жоғарыда суретте көрсетілген деректерге қарайтын болсақ мүгедектігі бар азаматтардың 43%-ы ауылды жерде, қалған 47%-ы қалалы жерде қоныстанған. Мүгедектігі бар азаматтардың жартысына жуығы ауылды мекендерде өмір сүретіндігіне қарамастан оларға қолайлы өмір үшін жағдай жасалмаған.

Мәселен мүгедектігі бар адамдарға қатысты заң бұзушылықтар мен олқылықтардың алдын алу мақсатында 2021 жылғы Еңбек және әлеуметтік қорғау, көші-қон комитетінің департаменттері денсаулық сақтау, мәдениет және көліктік қызмет көрсету орындарында 468 тексеріс жүргізген. Тексеріске сәйкес 379 объектіде 1918 заң бұзушылық анықталған. Оның ішінде 1500-ден астамы мүгедектігі бар адамдар үшін әлеуметтік және көлік инфрақұрылымдарына, мәдени және спорттық ғимараттарда қозғалу мүмкіндігінің болмауы болып табылады[3].

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми дерегіне сәйкес мүгедектігі бойынша тағайындалатын мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны алатын адамдар саны 2021 жылы 529,8 мыңды құраған. Аталған әлеуметтік көмекке республикалық бюджеттен 232,4 млрд. теңге қаржы жұмсалған.

Кесте-1. Мүгедектігі бар азаматтарға тағайындалған жәрдемақы көлемі[4]

№	Топтар	Жәрдемақы көлемі (2021 ж)
2	18 жастан асқан I топ мүгедектер	65 860 теңге
3	18 жастан асқан II топ мүгедектер	52 483 теңге
4	18 жастан асқан III топ мүгедектер	35 675 теңге
5	16 жасқа дейінгі мүгедек балалар	48 023 теңге
6	16-18 жас аралығындағы I топ мүгедек балалар	69 155 теңге
	16-18 жас аралығындағы II топ мүгедек балалар	56 823 теңге
	16-18 жас аралығындағы III топ мүгедек балалар	43 222 теңге

Ал 2022 жылдан бастап күнкөріс көлемінің және айлық есептік көрсеткіштің артуына байланысты:

I топ мүгедектері – 69 155 теңге;

II топ мүгедектері – 55 108 теңге;

III топ мүгедектері – 37 456 теңге көлемінде жәрдемақы алатын болады.

2021 жылғы 12 қазанда Қазақстан Республикасы Президенті мүгедектігі бар адамдардың өмір сапасын арттыру мақсатында әлеуметтік қорғау мәселелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңға қол қойды. Аталған заңға сәйкес I топтағы мүгедектерге күтім жасайтын адамдарға әлеуметтік жәрдемақы енгізілетін болады. Ал ондай азаматтардың саны Қазақстан бойынша 23 мыңнан асып жығылады.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап мүгедектігі бар азаматтардың өмірін жеңілдету мақсатында Әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылған. Бұл портал өнімді жеткізушілер мүгедектерге арналған тауарлар мен қызметтерді, жұмыстарды ұсына алатын бірыңғай интернет алаңы болып табылады. Әлеуметтік қызметтер порталы Мүгедектігі бар азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және олардың өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде жүзеге асырылған.

Осы портал арқылы 2022 жылғы 3 ай мерзімінде 85,5 мың мүгедектігі бар азаматтар техникалық оңалту құралын, 7,1 мың азамат – ымдау тілі қызметін, 33,5 мың азамат жеке көмекші қызметіне қол жеткізе алған. Сонымен қатар әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 25 мыңнан астам әлеуметтік топтамаларға тапсырыстар рәсімделген[5].

Дегенмен аталған портал іске қосылғалы оның кемшіліктеріне қолданушылар тарапынан арыз-шағым көлемі көп. Себебі жеткізушілер тапсырыс берушілердің әлсіздігін және порталдың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жоқтығын пайдаланып, сапасыз тауарда жеткізген.

Азаматтардың әлеуметтік осал топтары үшін қоғамның толыққанды бір мүшесі болу өте маңызды. Сонымен қатар кей кездерде өздерінің мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты құқықтары тапталып немесе түрлі кемсітушіліктерге тап болып жатады. Олардың өздерін басқадан кем сезінбеуі үшін және әлеуметтік тұрғыда осалдығын барынша төмендету үшін мемлекет пен қоғам нақты және тиімді шаралар мен бағдарламалар, халықтың айналасындағы азаматтарға немқұрайлы қарамауына мүмкіндік беретін идеологиялық құндылықтарды қалыптастыру маңызды.

Мүгедектігі бар азаматтар үшін өздерін қоршаған ортада қауіпсіз сезінуі үшін кедергісіз орта қалыптастыру олар үшін маңызды болып табылады. Германия еліндегі секілді мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін көптеген салаларда кедергісіз орта құру міндетті. Қоғамдық көліктің барлық дерлік құралдары лифтілер мен пандустардың болуына байланысты ұтқырлығы шектеулі адамдар үшін қол жетімділігі, метро станцияларында зағиптарға арналған бағдарлау жүйелері өте жиі орналастырылуы сияқты тәжірибелерді елімізде қолдануға болады. Сол елдегі секілді барлық автобустар кедергісіз орта талаптарына сәйкес жабдықтау ұсынылады. Кедергісіз символымен мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қажеттіліктеріне бейімделген мекемелер мен құрылғылар белгіленсе олардың күнделікті баратын жерлері болады және сергуіне мүмкіндік береді. Әсіресе көрнекті және мәдени орындардың мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де қол жетімді болуы тиіс.

Ал АҚШ-тың заңнамасында бекітілген мүгедектігі бар азаматтарды қолдау шарасын біздің елде де қолдануға әбден болады. Себебі бізде мүгедектігі бар азамат болып табылғанымен оның ішінде жұмысқа қабілетті азаматтар жеткілікті. Сондықтанда егер өзіне жүктелетін қызметтерді толық атқаруға шамасы келетін мүгедектігі бар азаматтарды жұмысқа қабылдауды міндеттеу немесе дәл АҚШ сияқты тыйым салу қажет. Жұмыс берушілерге қатысты бұл шектеу болғанымен азаматтар мүгедек азаматтарды қолдауға мемлекетпен бірге толыққанды қатысуға мүдделі болуы тиіс.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайты
2. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының ресми дерегі <https://iac.enbek.kz/>
3. <https://strategy2050.kz/ru/news/pochti-dve-tysyach-narusheniy-prav-lits-s-invalidnostyu-vyyavleno-v-kazakhstane/>
4. ҚР Ұлттық статистика бюросының ресми дерегі
5. Әлеуметтік қызметтер порталы <https://aleumet.egov.kz/>

### **ҚОНАҚ ҮЙ БИЗНЕСІНДЕГІ ПЕРСОНАЛДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Каратаева М.А.*

*Ғылыми жетекші: э.ғ.к. профессор м.а. Баймбетова А.Б.*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [Muslimbekova\\_m@mail.ru](mailto:Muslimbekova_m@mail.ru)

Қазіргі әлемнің тенденцияларын зерттей келе, экономиканың ең ірі және жоғары табысты, серпінді секторларының бірі қонақжайлылық индустриясы